

**Ақтөбе қаласы №34 орта мектебінің арнайы педагогтың
2024-2025 оқу жылының жылдық рефлексиялық есебі**

Арнайы педагогтың 2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарына сәйкес ұйымдастырушылық жұмыс, білім алуда ерекше қажеттіліктерін бағалау және білім алушыларды педагогикалық қолдаудың (көмек) мазмұнын анықтау, білім алушыларға арнайы педагогикалық қолдау көрсету және оның тиімділігін бағалау, кеңестік-әдістемелік қызмет, өзін-өзі дамыту бағыттары бойынша жұмыстар жүргізілді.

Ұйымдастырушылық жұмыс

Оқу жылының басында мектептің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі құрылып, мамандар құрамы бекітілді. ППҚҚ-нің бірінші отырысы өткізіліп, ППҚҚ жылдық жұмыс жоспары және психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі отырыстарының жылдық жұмыс жоспары бекітілді. Сонымен қатар, арнайы педагогтың жылдық жұмыс жоспары, ата-аналармен жүргізілетін жылдық жұмыс жоспары, мектеп мұғалімдерімен жүргізілетін жылдық жұмыс жоспары, ата-аналарға кеңесті тіркеу журналы, мектеп мұғалімдеріне кеңесті тіркеу журналы, оқушылардың сабаққа қатысуын тіркеу журналдары бекітілді.

Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылармен тереңдетілген педагогикалық диагностика жүргізу мақсатында оқу бағдарламаларының мазмұнына сәйкес жетістіктер картасы, дидактикалық материалдар, оқушының сабақтағы іс-әрекетіне бақылау формалары (форма 2а, 2б) дайындалды.

Білім алуда ерекше қажеттіліктерін бағалау және білім алушыларды арнайы педагогикалық қолдаудың (көмек) мазмұнын анықтау

1-15 қыркүйек аралығында білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктерін бағалау және мектептегі психологиялық педагогикалық қолдау көрсету бағыттарын анықтау бойынша жұмыстар жүргізілді.

Ең алдымен ЕББҚ ететін білім алушыларды оқыту мен оқытудағы қиындықтардың сипаты туралы ақпарат жиналды. Білім алушылардың сабақтағы әрекетін бақылау мақсатында психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандары (арнайы педагог, педагог-логопед, педагог-психолог) сабақтарға қатысып, бақылау хаттамалары (форма 2а,б) толтырылды. Білім алушылар туралы қосымша ақпарат алу үшін ата-аналарға арналған сауалнамалар және коммуникативтік паспорттар толтырылды (1а, 1в-формасы).

ЕББҚ ететін білім алушылардың оқу пәндері бойынша бағдарламаны меңгеру деңгейін анықтау мақсатында негізгі пәндер бойынша тереңдетілген педагогикалық диагностика жүргізілді. Диагностика нәтижелері әрбір пән бойынша жетістіктер картасына түсірілді. Тексеру нәтижелері бойынша білім алушылардың мінездемесі жазылды.

Оқушылардың оқу қиындықтарының көріністерін және олардың себептері ұжымдық талқыланды (Әр оқушыға 4-форма, 5-формалары толтырылды).

Ағымдағы оқу жылында ПМПК қорытындысы және тереңдетілген педагогикалық диагностика нәтижесінде арнайы педагогтың түзете-дамыту сабақтарына 4 білім алушы тізімге алынды. ПМПК қорытындысы және терең педагогикалық диагностика нәтижесінде 2 оқушыға жалпы оқу бағдарламалары және 2 оқушыға бейімделген жалпы білім беру бағдарламалары жасақталды.

Жалпы білім беру бағдарламасын бейімдеуді қажет ететін білім алушыларға қиындық туғызған пәндер бойынша әр тоқсан сайын оқу бағдарламалары бейімделді.

Білім алуда ерекше қажеттіліктерін бағалау және білім алушыларды арнайы педагогикалық қолдаудың (көмек) мазмұнын анықтау мақсатында 2024–2025 оқу жылында мектептің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің 4 жоспарлы және 1 жоспардан тыс отырысы өткізілді. Әр отырыста ЕББҚ балаларға қолдау түрлері, жалпы/бейімделген жалпы білім

беру бағдарламаларының мазмұны, ағымдағы диагностика нәтижелері талқыланып, оқу жетістіктері сараланды. Отырыстар хаттамамен рәсімделіп, шешімдер шығарылды.

Оқушыларды арнайы педагогикалық қолдау және оның тиімділігін бағалау

Оқушыларды арнайы педагогикалық қолдау мақсатында жыл бойы жалпы және бейімделген жалпы білім беру бағдарламаларының мазмұнына сәйкес жеке және топтық сабақтардың күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары құрылды. Бекітілген сабақ кестесіне сәйкес топтық және жеке түзете-дамыту сабақтары жүргізілді.

Кеңестік-әдістемелік қызмет

2024-2025 оқу жылында 2 ата-анаға (Ата-аналарға арналған кеңесті тіркеу журналында тіркелген) психологиялық-педагогикалық және түзете-дамыту жұмыстарының мазмұны бойынша кеңестер берілді.

Жылдық жұмыс жоспарына сәйкес «ЕББҚ ететін білім алушылардың құқықтары қандай?» тақырыбында ақпараттық презентация, «Көбейту кестесін жаттаудың тиімді 10 әдісі» тақырыбында ата-аналарға арналған кеңес даярланып, таратылды.

27.01.25ж «ЕББҚ ететін білім алушылардың оқу және жазу дағдыларын қалыптастырудың алғышарттары» тақырыбында ата-аналарға арналған тренинг өткізілді. Тренингке барлығы 20 ата-ана қатысты.

Тренингтің теориялық бөлімінде мектептің арнайы педагогы «ЕББҚ ететін білім алушылардың оқу және жазу дағдыларын қалыптастырудың алғышарттары» тақырыбында баяндама жасады.

Тренингтің практикалық бөлімінде ата-аналарға оқу және жазу дағдыларын қалыптастыруға арналған ойындар мен жаттығулар көрсетілді. Баланың графомоторлық дағдыларын, кеңістікте бағдарлауын, көріп қабылдауын және тануын және сукцессивті дағдыларын дамыту жаттығулары ата-аналармен бірге тәжірибе жүзінде орындалды.

Тренингтің қорытынды бөлімінде қатысушылардың пікірлері мен сұрақтарына жауап берілді. «Балама хат» рефлексиялық жаттығуы арқылы ата-аналар өз балаларына қолдау хатын жазды және жұмыс қорытындыланды.

17.02.25ж «Зерде бұзылысы бар немесе психикалық дамуы тежелген балаларды қалай оқытамыз?» тақырыбында ата-аналарға арналған практикум өткізілді. Практикумге барлығы 2 ата-ана қатысты.

Практикумның теориялық бөлімінде ПДТ және зерде бұзылыстары бар балалардың ерекшеліктері, оларды оқытуда кездесетін қиындықтар мен шешу жолдары түсіндірілді.

Практикумның тәжірибелік бөлімінде ата-аналармен «Менің баламның күшті жақтары» (ата-аналар баласының қабілеттерін анықтап жазып шықты), «Шағын мақсаттар құру» (әр ата-ана өзінің баласына қолжетімді шағын мақсат қояды) сияқты түрлі тапсырмалар орындап, жағдаяттар шешті. «Бала тапсырманы орындаудан бас тартты. Не істейсіз?» жағдаятын ата-аналар топта талқылап, шешімдерін ұсынды.

Сонымен қатар, ЕББҚ ететін балаларға үй тапсырмасын орындатудың тиімді жолдары ұсынылды.

Практикумның қорытынды бөлімінде қатысушылардың сұрақтарына жауап беріліп, «Өз жетістігіме медаль» тренингі (Әр қатысушыға бос медаль макеті беріледі (қағаздан қиылған). Олар өз жетістігін жазады. Мысалы: «Мен үй тапсырмасын қызықты ұйымдастыруды үйрендім») арқылы жұмыс қорытындыланды.

15.04.2025ж «Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға кәсіптік бағдар беру» тақырыбында ата-аналарға арналған тренинг өткізілді. Тренингке барлығы 13 ата-ана қатысты.

Тренингтің теориялық бөлімінде ата-аналарға кәсіптік бағдар беру жұмыстарының маңыздылығы және мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға «Атлас рекомендуемых профессий и занятий для лиц с инвалидностью в РК» негізінде ұсынылған мамандықтар тізбесі ұсынылды.

Тренингтің тәжірибелік бөлімінде келесі жаттығулар жүргізілді:

«Қабілет пен мүмкіндік картасы» жаттығуы.

Мақсаты: Баланың күшті және әлсіз жақтарын талдай отырып, қолайлы мамандықты таңдауға жол ашу.

Құралдар: Карточкалар немесе алдын ала дайындалған «Қабілет картасы».

Өту барысы: Ата-аналар баласының қабілетін, қызығушылығын, шектеулерін жазып шықты. Әр бөлім бойынша сәйкес келетін мамандықтарды жазып шықты. Нәтижесінде – «Менің балама сай мамандықтар» парағы толтырылды.

«Мамандықтар әлемі» (визуализация ойыны)

Мақсаты: ЕББҚ балаларға қолжетімді мамандықтарды визуалды түрде ұсыну.

Құралдар: Мамандықтардың суреттері, стикерлер, белгілер.

Өту барысы: Қатысушылар суреттер ішінен баласына сәйкес келетін 2–3 мамандықты таңдады және таңдау себептерін түсіндірді.

«Болашаққа хат» жаттығуы

Мақсаты: Ата-ананың баласына деген сенімін арттыру, мотивация беру.

Өту барысы: Қатысушылар балаларының 5 жылдан кейінгі болашағына арнап хат жазды. Хатта қандай мамандық иесі болғаны, қалай жетістікке жеткені, нені үйренгені жазылды. Жаттығу соңында жазған хаттарын дауыстап оқыды.

Тренингтің қорытынды бөлімінде ата-аналармен «Менің жоспарым» (алғашқы қадамдар картасы) жаттығуы жүргізілді. Ата-аналарға «Мен не істеймін?» тақырыбында шағын жоспар құру ұсынылды. Тренинг соңында қатысушылармен кері байланыс жасалып, жұмыс қорытындыланды.

2024-2025 оқу жылында 34 мектеп мұғаліміне (Мектеп мұғалімдеріне арналған кеңесті тіркеу журналында тіркелген) психологиялық-педагогикалық және әдістемелік кеңестер берілді.

Қаңтар айында мектеп мұғалімдеріне арналған «ЕББҚ ететін білім алушыларға оқытуды ұйымдастырудың тиімді әдіс-тәсілдері» жадынама дайындалып, таратылды.

03.02.2025 «Жеке және бейімделген жалпы білім беру бағдарламаларын құрастыру алгоритмі» тақырыбында мектеп мұғалімдеріне арналған семинар өткізілді. Семинарға барлығы 25 мұғалім қатысты.

Семинардың теориялық бөлімінде жалпы білім беретін мектептерде жеке және бейімделген жалпы білім беру бағдарламаларын құрастыруға негіз болатын бұйрықтар мен әдістемелік ұсынымдар таныстырылды. Олар:

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;
- «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығының әдістемелік нұсқау хаты;
- Индивидуализация учебно-воспитательного процесса школьников с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе: метод. рекомендации/ Елисеева И.Г. - Алматы: ННПЦ РСИО, 2021, 62 с.

Бұйрықтарға сілтеме жасай отырып, жеке және бейімделген жалпы білім беру бағдарламасына анықтама берілді.

Семинардың практикалық бөлімінде мұғалімдер топқа бөлініп, жалпы білім беру бағдарламаларын бейімдеді. Кері байланыс жасалып, тиімділігі мен қиындықтары талқыланды, ұсыныстар айтылды.

06.03.2025ж «Зерде бұзылыстары бар білім алушыларға математика пәнін оқыту ерекшеліктері» тақырыбында мектептің бастауыш сынып мұғалімдері мен математика пәні мұғалімдеріне арналған дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелге барлығы 10 мұғалім қатысты.

Дөңгелек үстелдің теориялық бөлімінде ППҚҚ төрайымы зерде бұзылыстары бар білім алушыларға арналған «Математика» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының кейбір ерекшеліктерімен таныстырды.

Сонымен қатар, мектептің арнайы педагогы «Математика пәнін оқытуда қолданылатын арнайы әдіс-тәсілдер» тақырыбында баяндама жасап, зерде бұзылыстары бар білім алушыларға сан мен цифрды үйрету, санның құрамы мен көбейту кестесін жаттатудың тиімді әдіс-тәсілдерімен таныстырды.

Дөңгелек үстелдің практикалық бөлімінде қатысушылар топтарға бөлініп, «Математика» пәнінен зерде бұзылыстары бар білім алушыларға арналған тапсырмалар жинағын құрастырды және ЕББҚ ететін білім алушыларға сабақ беретін мұғалімдердің ҚМЖ үлгісін құрастырып, талқылады.

31.03.2025ж «Зерде бұзылыстары бар білім алушыларға тілдік пәндерді оқыту ерекшеліктері» тақырыбында мектептің бастауыш сынып мұғалімдері мен қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдеріне арналған дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелге барлығы 30 мұғалім қатысты. Дөңгелек үстелдің теориялық бөлімінде ППҚҚ төрайымы зерде бұзылыстары бар білім алушыларға арналған «Әліппе», «Қазақ тілі» пәндерінің үлгілік оқу бағдарламаларының кейбір ерекшеліктерімен таныстырды.

Сонымен қатар, мектептің арнайы педагогы «Зерде бұзылыстары бар білім алушыларға тілдік пәндерді оқыту ерекшеліктері» тақырыбында баяндама жасап, аталған білім алушыларға тілдік пәндерді оқытуда қолданылатын сараланған әдіс-тәсілдерді, әліппені оқыту кезеңдері мен жазу дағдыларын қалыптастыру алгоритмін жан-жақты қарастырды.

Дөңгелек үстелдің практикалық бөлімінде қатысушылар топтарға бөлініп, «Әліппе», «Қазақ тілі» пәндерінен зерде бұзылыстары бар білім алушыларға арналған тапсырмалар жинағын құрастырды және ЕББҚ ететін білім алушыларға сабақ беретін мұғалімдердің ҚМЖ үлгісін құрастырып, талқылады.

Дөңгелек үстелдің соңында қатысушылармен сұрақ-жауап ұйымдастырылып, кері байланыс жүзеге асырылды, жұмыс қорытындыланды.

Жыл бойы мектеп мұғалімдеріне бейімделген/жеке оқу бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша әдістемелік көмек көрсетілді.


Өзін-өзі дамыту

2024-2025 оқу жылының бірінші жартыжылдығында Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрілігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы акционерлік қоғамы «Жалпы білім беретін мектептерде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау бойынша логопедиялық жұмыстың мазмұны» тақырыбында 80 сағаттық біліктілікті арттыру курсынан өттім.

25.09-26.09.2024ж «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы акционерлік қоғамы өткізген «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасауда нейропсихопедагогикалық әдістер» тақырыбында 8 сағаттық біліктілікті арттыру семинарға қатыстым

Сонымен қатар, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы акционерлік қоғамы «Жалпы білім беретін мектептерде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау бойынша логопедиялық жұмыстың мазмұны» тақырыбындағы курс аясында іс-тәжірбиемен бөліскен үшін алғыс хат берілді.

28.05.2025 «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ «BILIM QAZYNA» КММ Алғыс хатпен марапатталдым

Педагог дефектолог:  Жакибаева Н.А